

Жарайсындар балалар, ендеше, бүгін біз саябаққа саяхат жасағыларың келеме? - Иә.
- Балалар, бәріміз пойызға отырып, саяхатқа барайық.

Қимылды ойын: «Поезд»

Қатар, қатар тұрайық,
Кәне, кәне сұрайық
Кімнің болса бойы ұзын-
жүргізушісі ол көліктің
Ал,көлігім, баста алға
Бәрімізді басқара
Пыш-пыш, пыш-пыш біз кеттік,
Жүрісті біз үдеттік.
Ал, кәне, балалар, тоқтайық,
Пыш – ш-ш-ш-ш,
Енді көліктен түсейік.

Ой балалар қарандаршы, бау - бақша қандай әдемі! Айналаның бәрі сап – сары. Жерге сары кілем төселіпті. Күзгі бау - бақшаның сұлулығын қарандаршы неткен әдемі, неткен ғажап! Сол сәтте алдарынан Күз ханшайымы кездеседі.

Күз ханшайымы:

- Сәлеметсіңдер ме балаларым! Ой балалар сендердің келгендерің қандай жақсы болды. Менің бағыма қош келдіңдер! Төрлетіңдер! Мен ақылды, білімді балаларды жақсы көремін. Сендер балабақшадан білім алып жатырсындар ия? Олай болса сендердің білімдерінді тексеру үшін тапсырма беремін. Орындай аласындарма?

Балалар: Ия.

Сендер маған жемістер мен көкөністер жинауға көмектесесіңдер ме? Менің қолымда екі кәрзеңке бар. Соның біріне жемістер, ал екіншісіне көкөністерді салу керек. Балалар Күз ханшайымына жемістер мен көкөністер жинауға көмектеседі.

Күз ханшайымы: Рахмет балалар! Сендер маған үлкен көмек бердіңдер.

Тәрбиеші: Қане балалар сендер Күз ханшайымына қандай жеміс пен көкөністер жинап бердіңдер?

Балалардан жинаған жемістері мен көкөністерінің аттарын, пішіні мен түсін айтады. **Күз ханшайымы:** Ой жарайсындар. Неткен дарынды балаларсындар.

Сергіту сәті:

Күн жарқырап терезеден,
Нұрын шашып біздерге.
Ша-па-лақ-тап қуанамыз,
Қол созамыз өскенде.
Ля ля ля ля ля
Ля ля ля ля ля
Біз кішкентай балапан
Қорықпаймыз жаңбырдан.
Міне бізде қолшатыр
Алдымызда жол жатыр.
Ля ля ля ля ля
Ля ля ля ля ля

Ал, балалар менің екінші тапсырмам «Ғажайып қалта» деп аталады.

Балаларға «Ғажайып қалта» ойынын ойнайық. Қазір мен сендердің көздеріңді байлап қоямын. Ғажайып қалтадан жемістерді бір-бірлеп көрсетемін. Ал,сендер оның атын атап, дәмін ажыратасындар.
Жарайсындар!

